

**Н.М. Мусинаның 6D060100-Математика
мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Йонсондық теориялардың гибридтерінің компаньондарының модельді-
теоретикалық қасиеттері» атты диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс йонсондық теориялардың гибридтерінің компаньондарының модельді-теоретикалық қасиеттерді зерттеуге арналған. Яғни, бір сигнатурада екі түрлі йонсондық теориялардың семантикалық модельдерінің әртүрлі алгебралық құрылымдардың көмегімен алынатын теориялар. Диссертациялық жұмыстың мақсаты осындай теориялар арасындағы әртүрлі байланыстарды қарастыру болып табылады. Бұл байланыстарды тереңірек түсіну үшін қарастырылып отырған фрагменттердің семантикалық модельдерінің арнайы алгебралық құрылымдары және осы фрагменттердің гибридтері анықталған. Ал ол алгебралық құрылымдар семантикалық гибридтер деп аталған. Бұл диссертациялық жұмыстың центральдық ұғымына екі түрде болатын йонсондық теориялардың гибридтері қарастырылған. Бірінші түрі – сигнатуралары бірдей йонсондық теорияларының гибридi. Екінші түрі – сигнатуралары әртүрлі йонсондық теорияларының гибридi. Бұл жұмыста екі йонсондық теория үшін бірінші түрдегі гибридтермен жұмыс жасалған, бірақ гибрид ұғымын йонсондық теориялардың кез келген санына жалпылауға болатынын байқауға болады.

Бекітілген гибридтің әртүрлі компаньондарының модельді-теоретикалық қасиеттерін зерттеу қызықты болып табылады. Теорияның осындай қасиеттеріне қазіргі модельдер теориясының көптеген классикалық атрибуттарын жатқызуға болады. Яғни, олар стабильділік, категорлылық, қатты минималдылық, модельді толықтық, аксиоматизациялау, интерпретациялау, спектрлік сұрақтар және т.б. Семантикалық аспектіге гибридтің семантикалық моделінің анықталған формульді ішкі жиыны ұғымымен байланысты әртүрлі қасиеттерді жатқызуға болады. Яғни, атомдылық, алгебралық жайлылық, экзистенциалды тұйықтылық, дөңестілік, экзистенциалды жайлылық.

Диссертациялық жұмыста бір-бірімен тығыз байланысты біртұтас мәселелер зерттеліп, барлық нәтижелер толық дәлелденген. Ізденуші докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты жазу кезінде зерттеу ғылыми жұмысын жеткілікті түрде игергенін көрсетті.

Жұмыстың негізгі нәтижелері 7 ғылыми мақалада жарияланған. Оның біреуі Scopus мәліметтер базасында индекстелетін жоғары рейтингті журналда, алтауы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда жарық корді. Сонымен қатар, 21 жұмыс халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында

жарияланды, оның ішінде 5 жұмыс шетелде өткен конференциялардың тезистер жинақтарында жарияланды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Мусина Назерке Мухтарамқызының диссертациялық жұмысы 6D060100-Математика мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD), Н.М. Мусина 6D060100-Математика мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қаарағанды университетінің
Профессор Т.Ғ. Мұстафин атындағы
алгебра, математикалық логика және
геометрия кафедрасының профессоры
ф.-м.ғ.д.



А.Р. Ешкеев

